

Тәрбиелеу білім беру процесі
2024-2025 оқу жылы
Мад «Бәйтерек» тобы
Қыркүйек 1-апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 02.09.2024	Сейсенбі 03.09.2024	Сәрсенбі 04.09.2024	Бейсенбі 05.09.2024	Жұма 06.09.2024
Балаларды қабылдау	Салемдесу Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу Медбике тексеруі	Салемдесу Балаларды әсем әуенмен, көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Медбике тексеруі	Салемдесу Көңіл күй смайликтерімен қарсы алу Медбике тексеруі	Салемдесу Көңілді әуенмен қарсы алу Медбике тексеруі	Салемдесу Жақсы көңіл күй тілеу Медбике тексеруі
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың әл-ауқаты, демалыс күндері туралы әңгімелер. Ата-анамен консультация	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райына байланысты киім-кешек мәселелері бойынша әңгімелесу. Ата-анамен консультация	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райына байланысты киім-кешек мәселелері бойынша әңгімелесу. Ата-анамен консультация	Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру (жеке) Ата-анамен консультация	Ата-аналармен жеке әңгімелесу. балабақшаның күн тәртібін сақтаудың маңыздылығын еске түсіріңіз. Ата-анамен консультация
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Міндеті: Тілдің грамматикалық құрылымы. Ойын: «Кімнің жұмыс орыны» Барысы: Балаларға берілген пазыл бөліктерімен қызмет орынының бөлмесін құрастыру және сол бөлмеде жұмыс	Міндеті: Қоршаған ортамен таныстыру, айналадағы ортаны тану Балбақша ауласына саяхат. Балабақша ауласына саяхатқа алып шығу. Аулада өсіп тұрған ағаштармен, бұталармен таныстыру.	Міндеті Ермексаз әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу Үлкен доп кіші доп суреттері арқылы. 1-топ ермексаздан үлкен доп мүсіндейді. 2-топ ермексаздан кішкентай доп мүсіндейді.	Міндеті: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру Тақтадағы суреттер бойынша жұмыс. – Суретте ең көп бейнеленген қандай зат?	.Міндеті: Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. тақпақтарды, санамақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтады Бір қадам әдісі

	істейтін қызметкерді тауып, орналастырады Қарым-қатынас іс әрекеті	Танымдық-зерттеу іс әрекеті	Балаларды бақылау Жеке көмек беру Танымдық-зерттеу іс әрекеті	–Қандай заттар бір-бірден салынған? Мұнда қанша тауық бар? - Қанша балапандар бар? - Мына ағашта қанша алма? - Ал, мына ағашта қанша алма?  «Сызық жүргіз» ойыны. Дәптермен жұмыс. Шарты: үлкен шәйнектен үлкен кесеге дейін, ал кішкентай шәйнектен кішкентай кесеге дейін жол салындар. Зерттеу іс-әрекеті	бойынша жаттау. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық, Алақанға соғайық. Бір отырып, бір тұрып Біз демалып алайық Дид.ойын: «Не жоқ?» Қай ойыншық жоқ екенін атады Бас бармақ әдісі арқылы қорытындылау. Балаларды мадақтау. Қарым-қатынас іс әрекеті
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айының 1 аптасына арналған жаттығу кешені (құралсыз)	Қыркүйек айының 1 аптасына арналған жаттығу кешені (құралсыз)	Қыркүйек айының 1 аптасына арналған жаттығу кешені (құралсыз)	Қыркүйек айының 1 аптасына арналған жаттығу кешені (құралсыз)	Қыркүйек айының 1 аптасына арналған жаттығу кешені (құралсыз)
Таңғы ас	Кейбір балалардың тамақты асықпай	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды	тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту

	жейтінін, ал кейбір балалардың жылдам жейтінін ескере отырып, оларды асықтырмай, керісінше тамақты жақсылап шайнауға, ұсынылғанның бәрін тауысып жеуге үйрету Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету	сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. Жеке бас гигиенасы мәдениетін үйрету	туралы әңгімелесу Коммуникативті дағдыны қалыптастыру Қарым-қатынас іс-әрекеті	үйрету Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету	Коммуникативті дағдыны қалыптастыру
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Дыбыстарды дұрыс айтуға арналған жаттығу. Ақ-ақ-ақ- ойнақтайды лақ Мақсаты:Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. Қарым-қатынас іс әрекеті	Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған әзіл-жаңылтпаштар аз-аз-аз Құдықты қаз. Қаңқылдайды қаз. Келіп қалды жаз. Болып қапты жаз. Атаңа хат жаз. Мақсаты:Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. Қарым-қатынас іс әрекеті	Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған әзіл-жаңылтпаштар ер-ер-ер Қасиетті жер. Төгілді көп тер. Жемістерді тер. Аға соңынан ер. Сұрағанын бер. лау-лау-лау Желбірейді жалау Лапылдайды алау Мақсаты:Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. Қарым-қатынас іс әрекеті	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу Зерттеу іс-әрекеті	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру Зерттеу іс-әрекеті

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Міндеті : Спортзал.Кеңістікте бағдарлай білу және күш секілді дене қабілеттерін дамыту. Спортқа деген қызығушылықтарын дамыту.Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе- теңдік сақтау қажеттігін 1. Құралсыз жалпы дамыту жаттығуларын орындату(№1). 2. Бұрылыс жасап, бір орындарында екі аяқпен секіру Сөйлеуді дамыту Міндеті: Мектептегі	Сауат ашу негіздері Міндеті: ДыбысТабиғидыбыстарды, жан-жануарлардың дыбыстарына жыратуға үйрету,сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру.«Не қалай дауыстайды?» Д/ойын Ойын шарты: Педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады. Қой маңырайды: Сиыр мөңірейді: Жылқы кісінейді: Түйе боздайды: Ешкі бақырады: Бұл ойында үй жануарларының жүрісін де салуға болады «Жаңбыр» саусақ ойыны: Жаңбыр жауса, Тырс-тырс, Айтады гүл: – Дұрыс-дұрыс. Жаңбыр жауса, Тырс-тырс. Айтады қыр: – Ырыс-ырыс Қазақ тілі Міндеті: Мектеп	Сауат ашу негіздері Міндеті: Дыбыс пен сөзТабиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру,олардан адамның даусын ажыратуға үйрету,дауыс ауызбен айтылып,құлақпен естілетін түсіндіру. Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны» Ойын шарты: балалар шеңбер болып тұрады, бастаушы санамақ санау арқылы бір баланы ортаға шығарып, көзін байлайды. Санамақ арқылы келесі баланы шығарады, ол көзі байлаулы тұрған баланың атын айтады. Ойын осылай жалғаса береді. Педагог саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасатады. Сыңғыр, сыңғыр сырғалар Құлағымда сыңғырлар. Оң қолымда білезік, Сол қолымда білезік, Санап көрші, кәнеки, 1, 2, 3 – бір, екі, үш, Демаламыз жинап күш.	Сауат ашу негіздері Міндеті: СөзСөздерді дұрыс айтып,лексикалық мағынасын анықтауға жаттықтыру. Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты: доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады. Педагог балаларға саусақ бұлшық еттерін дамыту жаттығуын жасатады. Басбармағым бастап берді, Саусақтарым ән сап берді, Шылдыр шүмек шылдырлады, Кіші бөбек былдырлады. Дене шынықтыру Міндеті: Денсаулықтың құпиялары. Спортпен шұғылдану, салауатты өмір салтына, өз денсаулығын бағалай білуге баулу.- таза ауа ағзаны күшейтеді,	Көркем әдебиет Міндеті: Дыбыс Табиғидыбыстарды, жан- жануарлардың дыбыстарына жыратуға үйрету,сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру «Не қалай дауыстайды?» Д/ойын Ойын шарты: Педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады. Қой маңырайды: Сиыр мөңірейді: Жылқы кісінейді: Түйе боздайды: Ешкі бақырады: Бұл ойында үй жануарларының жүрісін де салуға болады «Жаңбыр» саусақ ойыны: Жаңбыр жауса, Тырс-тырс, Айтады гүл: – Дұрыс-дұрыс. Жаңбыр жауса, Тырс-тырс. Айтады қыр: – Ырыс-ырыс Музыка Міндеті: Нота үйренейік
---	---	--	--	---	--

алғашқы күнБалаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету; Мазмұнды жалғастыру арқылы ой- қиялдарын дамыту; баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік. Табыл – дабыл. Бақа – бақбақ «П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді: Па-па-па – парта. Жа-па-лақ – жал-пақ. Па-рақ – жа-пы-рақ. Қазақ тілі Міндеті: Менің мектебім Мектеп туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Диалогке қатысуға	бөлмелері Мектеп туралы шағын мәтін құруға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Танысу». Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады. – Сенің атың кім? – Менің атым – Айсұлу. – Менің атым – Айнұр. – Менің атым – Батырхан Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала». (Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, қима суреттермен жұмыс). – біз қайда келдік? -мектепке -мектепте кімдер бар? -мектепке оқушылар мен ұстаздар бар -сынып бөлмелерінде нелерді көріп отырсыңдар? -сынып бөлмелерінде парта, тақта, сөрелер, т.б бар.	Дене шынықтыру Міндеті: Спортзалда ойнаймыз. Ептілік, шыдамдылық, төзімділік тәрізді дене қабілеттерін дамыту. - тізбекпен қалай жүру керектігін, екі аяқпен қалай секіру керектігін, секіру кезінде қолымен қандай көмек жасауға болатындығын үйрету «Мұқият бол» ойын жаттығуы. 1,5 минут орташа қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – жүру, еңбектеу. Мұрынмен тыныс алуға көңіл бөлу, жүру қарқынын бұзбай ырғақпен адымдауларын қадағалау. Тыныс алу гимнастикасы (у-шу кешені). Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бос орын» (5 рет). Балалар шеңбер бойына малдас құрып отырады. Жүргізуші шеңбер	алаңда қимыл жаттығуларын орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керектігі, баяу жүтіргенде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау керектігінүйрету Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ». (3 рет). Балалар шеңбер бойына тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба байланған. Педагог жіпті жербауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында тұрып жоғары секіріп қалып, құтылуға тырысады. Жоғары секіргенде екпінмен итеріліп, аяқтарын жинап алады. Кімнің аяғы ілінсе, сол ойыншы «қармаққа түсті». Ойын барысында балаларды	Шығармалардыңэмоциял ық мазмұнын олардың сипатын көңіл күйін әсерлі реңктерін ажырату Музыка тыңдау: «Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай). Ән айту: «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев), «Білімнің – бұлағың» (Т.Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтыққимылдар: «Марш» (В. Дешевов) Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Сиқырлы ағаш» («Дидактикалық ойындар» жинағынан Шығармашылық бейнелеу Міндеті: Автобус Заттарды бірнеше бөліктерден бейнелей білу,жапсыру, құрастыруға,мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру Балалар бұл ненің даусы?
---	--	--	--	---

үйрету. Дидактикалық ойын: «Танысу». Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады. – Сенің атың кім? – Менің атым – Рома. – Менің атым – Вика. – Менің атым – Арлан Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала». (Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, қима суреттермен жұмыс). – Мынау кім? – Мынау – қыз. – Қыз қайда келді? – Қыз мектепке келді. Қоршаған ортамен танысу Міндеті: Ең жақын адамдар Отбасы және отбасы мүшелері туралы ұғымдарын кеңейту -Балалар сендердің қастарыңда үнемі кімдер болады?	Жарайсыңдар балалар Олай болса алдарыңдағы пішіндерден автобусты құрастырамыз Математика негіздері Міндеті: Біреу-көп Бір сөзінің мағынасымен таныстыру. Топтық жұмыс. -Бір-бірден берілген заттарды қоршап сызады. Педагог балалардан сыйлық ретінде ойыншықтарды қаншалықты жиі алатындығы туралы сұрайды. -тапсырманы орындауды ұсынады: бір сыйлықты таңдаңдар. Онда не болуы мүмкін? Оныбаяндар. -тапсырманы орындайды – бір қорапты таңдап, оны бояйды. Музыка Міндеті: Білімнің бұлағың Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды	бойымен жүріп, бір ойыншының жанына келіп, оның жанына беторамалды тастайды да: «Бұл жер саған тар. Өзіңе орын тауып ал», – дейді. Ойыншы беторамалды алады да, жүргізушіні қуады. Ал жүргізуші оның орнына жылдам барып отырып алуға тырысады. Орынсыз қалған ойыншы жүргізуші болады Сөйлеуді дамыту Міндеті:Мектептегі алғашқы күн Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету; Мазмұнды жалғастыру арқылы ой-қиялдарын дамыту; баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ұнтаспадан Б.Самединеваның орындауында «Достар, достар» әні тыңдатылады Педагог балаларға «Адал дос» деген әңгіме оқып береді Міне, балалар,	ауық-ауық үзілістер жасап, демалтып тұру қажет. Көркем әдебиет Міндеті: Білімнің бұлағың А.Шаяхметов Әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру. Өлеңнің баяндау сипатын сезінуге баулу. Қанатым талмайды, Қиялым самғайды. Ақын да, ғалым да, Ұстазсыз болмайды. Мереке күніңмен, Құттықтап бүгін мен, Ойыма ой қосам, Сен берген біліммен. Д/ойын: «Ғажайып қоржын». Ойынның шарты: Ғажайып қоржынның ішінде бірнеше заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар. Сол заттардың ішінен ойыншықтарды бір бөлек, оқу құралдарын бір бөлек жинау керек және аттарын атайды.	-Бұл машинаның даусы -Жарайсыңдар балалар бүгін біздер көліктер туралы әңгімелесетін боламыз.Балалар көліктердің бірнеше түрлері бар.Әуеде ұшатын,суда жүзетін, жерде жүретін. Ал енді балалар осы көліктердің ішінен автобустың тоқталамыз. -Бұл автобус Енді балалар қараңдаршы осы автобусты сипаттайық. -Автобустың түсі қандай? -Автобустың түсі қызыл -Автобустың пішіні қандай? -Автобустың пішіні төртбұрыш -Автобустың терезелері қандай пішінді? -терезелерінің пішіні төртбұрыш -Ал мынау автобустың есігі есігінің ішінен адамдар кіреді. -Автобустың адамдарға беретін пайдасы қандай? -Автобус адамдарды
--	--	--	---	---

- Ата – анамыз, аға, тәте, бөпе, ата , әже т.б Балалар оларды біз неге жақындарымыз деп айтамыз. Біз балалар ол адамдармен бір шаңырақ астында тұрамыз. Сергіту сәті: (саусақ гимнастикасы) Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, ойнайық екеуіміз: Бас бармағым — папам, Балаң үйрек — апам, Ортан терек — ағам, Шылдыр шүмек — мен, Титтей бөбек — сен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз! Балалар сендер отбасымды жақсы көреміз деп айттыңдар, ал сендер оларға көмектесесіңдер ме? Ендеше қазір тексеріп көреміз. Мен сендерді «Мейірімді істер» атты ойынға шақырамын. Балалар менің	өзгерту Музыка тыңдау: «Қосалқа» Дәулеткерей Ән айту: «Білімнің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т. Ломова) Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова)	мақал- мәтелдерің өзінде досқа деген сенім жайлы айтылған. Достыққа адал адам, сертіне де адалболады. Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата». Ойын шарты: педагог қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама , баламасын айтады. Мысалы: әке, ана , аға,тәте – отбасы. Кесе, шәйнек, шанышқы, қасық – ... Қасқыр, түлкі, жолбарыс – ... Қызыл, сары, жасыл, көк – Математика негіздері Міндеті: Біреу-көп Бір сөзінің мағынасымен таныстыру. Топтық жұмыс. -Бір-бірден берілген заттарды қоршап сызады. Педагог балалардан сыйлық ретінде ойыншықтарды қаншалықты жиі алатындығы туралы	Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып бөлек жинайды және аттарын атайды Математика негіздері Міндеті:Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру Дара заттарды бөлуді үйрету. Бір элементтен тұратын жиын туралы түсінік беру.Балаларға мынадай жаттығуларды ұсынады: Көгөністерге, жемістерге, тәттілерге бөлуді ұсынады. Заттар тобын бір сөзбен атайды. «Қарбыз қандай топқа жатады?» деген сұраққа жауап беруге қиналады. «Көп» және «бірнеше»терминдерін қолданады. Саны бойынша салыстырады: жемістер көп, ал қарбыз біреу. Көгөністер көп, ал қарбыз біреу және т.с.с	баратын жерлеріне жылдам апарып тастайды. -Ал мынау не балалар -Машинаның дөңгелегі -Дөңгелегінің түсі қандай? — дөңгелегінің түсі қара Жарайсыңдар балалар Олай болса алдарыңдағы пішіндерден автобусты құрастырамыз. Қоршаған ортамен танысу Міндеті: Мектеп мамандары Балалардың мектеп қызметкерлері туралы олардың жұмысының маңыздылығы туралы білімдерін кеңейту. «Қандай мамандық иесі?» ойыны. Балалар бұл сөздерді қандай мамандық иесі айтуы мүмкін екенін анықтайды Сіздің кекіліңізді қысқа қию керек пе?... (шаштараз) Балалар, кітаптың бетін ашыңдар ... (мұғалім)
---	--	---	--	--

	қолымда әдемі себет бар осы себетке мейірімді істерді жинаймыз. Ол үшін мынатүрлі-түсті гүлдерді алып үйде ата — аналарыңа қандай көмек көрсететіндеріңді айта отырып гүлді себетке салу керек.		сұрайды. - тапсырманы орындауды ұсынады: бір сыйлықты таңдаңдар. Онда не болуы мүмкін? Оныбаяңдар. тапсырманы орындайды – бір қорапты таңдап, оны бояйды		Рульді оңға бұрайын...(жүргізуші) Сурет салуға қылқаламдардайындадым ... (суретші) Сізге емделу үшін дәрілер жазып берейін...(дәрігер) Қанша килограмм кәмпітөлшейін?... (сатушы) Сізге қандай көйлек тігу керек?.. (тігінші) Балалар, сендер үлкен болып өскенде әрқайсысың бір мамандықты таңдайсыңдар. Сендер өздеріңнің Бәйтеректарыңды қалай қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы Бәйтерек мамандық қандай болуы мүмкін? Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралыәңгімелеп, қиялыңдағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай өзгертіндігі туралы ойларын ортаға салады.
Серуенге дайындық	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді	киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке	сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ	Балаларды мейірімділікке, бір-	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді

	үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	дағдыландыру Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	киімдерінің атауларымен байытуға Мемлекеттік тілді меңгерту	біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту Мемлекеттік тілді меңгерту	үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру
Серуен	Бақылау:Жаңбырды бақылау. Мақсаты:Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.Мысалы;Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. Еңбек:Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты:Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбедең. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр)	Бақылау:Бұлтты бақылау. Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлиларды ажырату. Еңбек:Ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты:Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) Мақсаты:Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру. Ойын: «Кімге қандай құрал керек?» Мақсаты:Қандай	Бақылау:Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау. Мақсаты:Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. Еңбек:Құстарға жем сауыт жасау. Мақсаты: Құстарға қамқорлық қарауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Сапсары боп келе жатқан , Сезді мекен күзді олар . Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырналар. Мақсаты:Балалардың сөздік қорларын молайтып , тілдің грамматикасы дұрыс сақтау	Бақылау: Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. Еңбек: «Әдемі гүлдер» Мақсаты:Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. Жеке жұмыс: Тақпақ. «Жел» Мақсаты:Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді	Бақылау:Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту, су құю. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. Жеке жұмыс: «Алтын күз» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қор

Мақсаты:Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. Ойын: «Айгөлек-ау айгөлек». Мақсаты:Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: «Сұр қоян». Ойын барысы:Ойыншылардың біреуі қоян болады.Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады.Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады.Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады: Бармақ болып тоғайға сұр көжек, Жуынып жатыр бүгжеңдеп: Тұмсығын жуды, Құйрығын жуды,	жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: «Соқыр теке». Ойын барысы: Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған «соқыртеке» жіберіледі.Қалғандары оны «соқыртеке бақ-бақ»,- деп мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады.Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып «соқыртек» болады.Ойыншылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға ,	дағдысын қалыптастыру . Дидактикалық ойын: «Күзде не киеміз?» Мақсаты:Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімкию үлгісін көрсете түсіндіру. Қимылдық ойын: «Аттамақ». Мақсаты:Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу. Ойын барысы: Бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады.Бріншісі- төмен ,оны аттап өту керек, екінші-биік, оны еңкейіп, үшіншісінен тағы да аттап өту керек.Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп , содан соң көзін байлап, бір айналдырып қояберу керек.Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп ұстап тұрған адамдар жіпті жинап , алады, ал ойыншы	зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтығу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек». Мақсаты:Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: «Орамал таста у». Ойын барысы:Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған,ұруға ыңғайлы болады.Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды	зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтығу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек». Мақсаты:Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: «Орамал таста у». Ойын барысы:Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған,ұруға ыңғайлы болады.Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды	молайту. Қимылдық ойын: « Ақ қояным» Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру. Қимылдық ойын: «Ұшты-ұшты» Ойын барысы: « Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты», - дейді. Осы кезде ұшпайтын нәресеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі.Ұшатын жән е ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әд ейі арба- қарға,үйрек- бүйрек, кептер- кепсер, көже- шөже, іркіт- бүркіт болып айтылады.Есек ұшты, есік ұшты, етік ұшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады. Дербес ойындар: «Тәтті тоқаштар»
---	--	---	--	--	---

	Құлағына жуды-түртінді, Құп-құрғақ боп сүртінді. Қоян өзіне байланысты қимылдардың бәрін жасайды:тұмсығын, құйрығын , құлағын жуады, бәрін сүртеді.Қос аяқтап кіріп, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді(қонаққа келе жатыр). Ол бала қоянмен ауысқандаойын аяқталады. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік. Тренинг: «Қолшатыр Танымдық,әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру. Экологиялық мәдениет дағдысы	бағанаға қарай бағыттайды.Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді. Дербес ойындар: 1.Өткіншектебу. 2. Тартылғышқа тартылу. Тренинг: «Біз тату баламыз». Физикалық,әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру. Экологиялық мәдениет дағдысы	өзінше әрекеттеніп аттап жүреді. 1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік. Тренинг: «Тырналар болып ұшайық» Танымдық,әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру. Экологиялық мәдениет дағдысы, еңбекке баулу	тастап кетеді.Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқаоушы оны орамалмен ұрғылайды.Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса , бастаушыны қууға тиіс.Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалғанорынға келіп отырады. Дербес ойындар: 1. «Желмен жарысайық» 2. «Менің әдемі үйім»(құрастыру) Тренинг: «Қолшатыр астында». Физикалық,әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру. Экологиялық мәдениет дағдысы	пісірейік «Мені қуып жет». Тренинг: «Шаңырақ» Танымдық,әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру. Экологиялық мәдениет дағдысы, еңбекке баулу
--	---	--	---	--	---

Серуеннен оралу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру, қолдарын көпіршітіп жуу Жеке гигиенаны сақтауға баулу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Еңбекке баулу
Түскі ас	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу Коммуникативті дағдыны қалыптастыру Қарым-қатынас іс-әрекеті	Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану, нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. Жеке бас гигиенасы мәдениетін үйрету	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу Коммуникативті дағдыны қалыптастыру Қарым-қатынас іс-әрекеті	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету Қоршаған орта
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. Зерттеуіс-әрекеті	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету ұйықтар алдында балаларға кітап оқу қарым-қатынас іс-әрекеті	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу қарым-қатынас іс-әрекеті	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту (Көркем әдебиет, Салт-дәстүр мәдениетін дамыту)	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу қарым-қатынас іс-әрекеті
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру	жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында	тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын	жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу,	жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу,	жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық

шаралары	«Денсаулық жолдарымен жүргізу»	қимыл белсенділігіне дайындау	көтеріп, түсіруге жаттығулар, саусақ жаттығуларын орындау; - массаж жолдармен жүргізу	созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау	жолдарымен жүргізу »
Бесін ас	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. Жеке бас гигиенасы мәдениетін уйрету	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу Коммуникативті дағдыны қалыптастыру	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету Қоршаған орта	тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу (Сөйлемді дамыту, эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Міндеті: Балаларға жиын оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшембегі заттардан тұрптындығы туралы түсінік беру. Д/О «Жапырақтарды салыстыр» Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі заттардан тұратындығы туралы түсінік береді (Математика негіздері) Балалардың дербес әрекеті Мақсаты: Балалардың доптармен,	Міндеті: Балаларға жиын оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшембегі заттардан тұрптындығы туралы түсінік беру. Д/О «Менің отбасым» Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру (Математика негіздері) Балалардың дербес әрекеті Мақсаты: Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас	Міндеті: 5 ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту Д/О«Қасиетті жер кереметі» Мақсаты:1ден 3 -ге дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. (Математика негіздері) Балалардың дербес әрекеті Мақсаты: Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру.	Міндеті: Көлемді санай алады, заттарды ретімен санату Д/О«Тұрмыстық заттар» Мақсаты:1ден 3 -ге дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. 3 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру (Математика негіздері) Балалардың дербес әрекеті Мақсаты: «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған ісәрекетінің ағзаға	Міндеті: 5 ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту Д/О «Құстар» Мақсаты: Мақсаты:1ден 3 -ге дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. 3 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру (Математика негіздері) Балалардың дербес әрекеті Мақсаты:Дене белсенділігі (танертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған

	қозғалатын ойыншық тармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Баланың дербес әрекетін қалыптастыру	және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Баланың дербес әрекетін қалыптастыру	Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. Баланың дербес әрекетін қалыптастыру	әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдыналуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. Баланың дербес әрекетін қалыптастыру	кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу. Баланың дербес әрекетін қалыптастыру
Серуенге дайындық	Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға Мемлекеттік тілді меңгерту	Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту Мемлекеттік тілді меңгерту	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру
Серуен	Қыркүйек. Карточка №1. Мезгіл өзгерістерін бақылау Ұлттық қимылды ойын: «Ақ серек, көк серек» Мақсаты: - Балаларды ұлттық ойын туралы түсінігінің болуы. -Шапшандылықтарын	Қыркүйек. Карточка№2. Жаңбырды бақылау. Ұлттық қимылды ойын: «Арқан түю» Мақсаты: - Балаларды аз қимылды ойын түрімен таныстыру; -Ойын барысын түсіндіру; -Сөздік қорын дамыту,қызығушылықта	Қыркүйек. Карточка №3. Көлік түрлерін бақылау. Аз қимылды ұлттық ойын: «Бес табан» Мақсаты: - Асық түрлерімен, асық атауларын таныстыру; -Асық түстерін атау; -Ептілікке,	Қыркүйек. Карточка №4. Өрмекшіні бақылау Ұлттық қимылды ойын: «Боран» Мақсаты: -Балаларды ұлттық ойынымен таныстыру; -Дене шынықтыруға деген қызығушылықтарын арттыру;	Қыркүйек. Карточка №5. Бақ-бақ гүлін бақылау Ұлттық қимылды ойын: «Соқыр теке» Мақсаты: -Балаларды ұлттық ойын түрімен таныстыру. -Сөздік қорларын, ойлау қабілеттерін дамыту. -

	арттыру, сөздік қорларын Дамыту Адамгершілік және паттриоттық дағды, Ұлттық құнділіктарды дарыту дағдысын қалыптастыру	рын арттыру; -Ұлттық ойынды қастерлеуге тәрбиелеу; Қошаған ортмен танысу, физикалық дағдыны дамыту	мергендікке баулу; - Ұлтжандыққа тәрбиелеу; Жолда жүру ережелерін дамыту, Ұлттық құндылық дағдысын қалыптастыру	- Тәртіптілікке, әдептілікке тәрбиелеу; Жәндіктер туралы ұғымдарын кеңейту	Сезімталдыққа, төрт түлік малға қамқор боуға тәрбиелеу Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерін кеңейту
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әнгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әнгімелесу

Тексерген әдіскер:


Тәрбиеші:


Тәрбиелеу білім беру процесі
2024-2025 оқу жылы
МАД «Бәйтерек» тобы
Қыркүйек 2-апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.09.2024	Сейсенбі 10.09.2024	Сәрсенбі 11.09.2024	Бейсенбі 12.09.2024	Жұма 13.09.2024
Балаларды қабылдау	Салемдесу Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу Медбике тексеруі	Салемдесу Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Медбике тексеруі	Салемдесу Көңіл күй смайликтерімен қарсы алу Медбике тексеруі	Салемдесу Көңілді әуенмен қарсы алу Медбике тексеруі	Салемдесу Жаөсы көңіл күй тілеу Медбике тексеруі
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы балабақшадан қалдырмау туралы кеңес беру Ата-анамен консультация	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау Ата-анамен консультация	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау Ата-анамен консультация	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу Ата-анамен консультация	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу Ата-анамен консультация
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Міндеті: Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтауды үйрету Балабақшалағы ойыншықтар Мақсаты: Балаларды ойыншықтың түрімен таныстырып, ойыншықты әдемі жинауды үйрету. Мәдени гигиеналық	Міндеті: Бірқалыпты шеңбр бойымен жүру Дидактикалық ойын: Дайын бол. Барысы: Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші бір сөз айтады, ал балалар сол сөзді іс-қимылмен көрсетеді. Мысалы: қоян – секіреді, құс – ұшады т.с.с. Физикалық дағдыны	Міндеті: Көлденең және тік сызықтарды салу, дөңгелек пішінді заттарды бейнелеуді үйрету «Суреттер сыры» Мақсаты: Суретті үлгі бойынша бояп, эстетикалық талғамын дамыту. Шығармашылық іс-әрекетті дамыту	Міндеті: Балалар әдебиетіне , театр әлеміне ызығушылықтарын қалыптастыру Сюжеттік ойын «Педагог» сюжетті-рөлді ойынының Мақсаты: балалардың, педагогтың әрекетіне қызығушылығын іс жүзінде іске асыру үшін жағдай туғызу.	Міндеті: Шешендікке, әдеби тілге баулу Мақал мәтелдер» Мақсаты: Айтылған мақал- мәтелді қайталап айтып беруге дағдыландыру (Сөздің қорды дамыту, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)

	дағдылар күнделікті тазылық жұмысы, Сөйлеуді дамыту	дамыту		Барысы: балалар өздері ұнатқан педагогтарының іс-әрекетін айту, педагог ретінде өзін ұстау туралы айту (Коммуникативтік дағдыларды дамыту Көркем әдебиет, сөйлемді дамыту , Эмоционалды дағдыларды қалыпт)	
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айының 2 аптасына арналған жаттығу кешені (құралмен)	Қыркүйек айының 2 аптасына арналған жаттығу кешені (құралмен)	Қыркүйек айының 2 аптасына арналған жаттығу кешені (құралмен)	Қыркүйек айының 2 аптасына арналған жаттығу кешені (құралмен)	Қыркүйек айының 12 аптасына арналған жаттығу кешені (құралмен)
Таңғы ас	Майлықты дұрыс қолдануды, нанды үгітпей жеу қажет екенін ескертіп отыру Мәдениетті тамақтану дағдысын үйрету	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. Жеке бас гигиенасы мәдениетін үйрету	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу Коммуникативті дағдыны қалыптастыру қарым-қатынас іс-әрекеті	Қасық ,шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету	тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту Коммуникативті дағдыны қалыптастыру қарым-қатынас іс-әрекеті

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Саусақ жаттығу. Құстар қанат қағады Құстар ұшып барады, Көкте қанат қағады. Барлық құстар қосылып, Шик-шиқ-деп, ән салады	Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру	Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Міндеті: Күлкі сыйла. Бала ағзасын төзімді, мықты болуға шынықтыру, омыртқаның қисайып кету қаупінің алдын алу.Орындық үстінде әр қадам басқан сайын допты алдында, артында ұстап, динамикалық тепе-теңдіктерін сақтап жүруді үйрету (ені – 20 см, биітігі – 30 см). Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру: ширақ итеріліп, құрсаудың ортасына түсу керектігін түсіндіру. (3 рет).	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөз.Сөздің мағынасы Балаларды сөздерді дұрыс айтуға және сөздердің лексикалық мағынасын түсіне біюге үйрету. «Кім көп біледі?» ойынын ойнату. Ойлаған сөздерінді буынға бөлейік. – Әр буында бір дауысты дыбыс болады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен, ал дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз (балаларға көрсету). Қазақ тілі Міндеті: Біз мектепте не істейміз? Сөздерді сөз	Сауат ашу негіздері Міндеті: Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз Балалардың сөздің лексикалық мағынасын ажыратып,берілген дыбысқа сөз ойлап,оны дауыс ырғағымен айта білуге жаттықтыру.Педагог балаларға ыммен «отырыңдар»,«сөйлемендер », «тынышталыңдар», – деп белгі береді. Ыммен – сөйлемей ишарамен түсіндіру – Міне, балалар, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру қандай қиын, ал біз бәріміз өз ойымызды сөз арқылы айта аламыз. –	Сауат ашу негіздері Міндеті :Дауысты дыбыстар Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету. - Балалар өткен тақырыпты естеріне түсіндіріңдерші? – Не жайлы айттық? Педагог: Дыбыс айтылуына қарай әртүрлі болып естіледі. Дидактикалық ойын: «Ненің дыбысы?» Ойын шарты: Педагог ұнтаспадан әртүрлі көлік түрлерінің табиғат құбылыстарының, жан-жануар, жәндіктердің дыбыстарын естіртеді. Балалар ненің дыбысы	Көркем әдебиет Міндеті: Кішкентай бағбан М .Төрежанов Әңгіменің эмоциялық - бейнелік мазмұнын жеткізе баяндауға баулу Әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету. Әңгіме ұнады ма? – Әңгіме не туралы? – Авторы кім? – Садық бауда не істеді? – Садықты кім ойнауға шақырды? – Қалел досына не көрсетті? – Садық неге бармады? – Күз мезгілінде не өсті? – Садық Қалелге әкесінің қай сөзін айтты?

Кұрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру: 4 құрсауға кезекпен секіріп барып, қайтарда құрсауларды айналып, орындарына жүгіріп келеді. Секірген кезде құрсаудың ортасына түсуге тырысады. Екі аяқпен ширақ итеріліп, аяқтарының ұшымен жерге түседі Ойын: «Қайда жасырылғанын тап». (2 рет). Спортзалда еркін тұрады Сөйлеуді дамыту Міндеті: Менің досым Суретке қарап әңгіме құрауды және байланыстырып сөйлеуді үйрету, баланың сөздік қорын байыту; Ұнтаспадан Б.Самедиеваның орындауында «Достар, достар» әні тыңдатылады Педагог балаларға «Адал дос» деген әңгіме оқып береді Міне, балалар, мақал-мәтелдердің өзінде досқа деген сенім жайлы айтылған.	тіркесімен айтуға сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақ жаттау. Шағын мәтіндер құрауға үйрету. Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды. Мектеп ... (әдемі, жарық, таза). Таңертең жаттығу ... (жасаймыз). Музыка залында... (ән айтамыз, би билейміз). Серуенге шығып ... (ойнаймыз, демаламыз). Музыка Міндеті: Нота үйренейік Шығармалардың эмоциялық мазмұнын олардың сипатын көңіл күйін әсерлі реңктерін ажырату Музыка тыңдау: «Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өндеген Т. Қоңыратбай). Ән айту: «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев), «Білімнің – бұлағың»	Балалар, қазір мен бір сөз айтамын. Мысалы: «сиыр», енді сендер бір сөзден айтыңдар. Ал шатасып кетпес үшін мына стақанға әр сөз айтылған соң бір қарындаштан салып отырайық. Мен «сиыр» сөзін айттым, бір қарындаш салайын. Тағы да кім сөз айтады? Ең соңында қарындаштарды санап, педагог қорытынды жасайды. – Міне, біз қандай көп сөз білеміз, айта берсек әлі де көп. – Сендер байқадыңдар ма, кейбір сөз ұзақ дыбысталса, енді бір сөз қысқа дыбысталады. Сол себепті сөздер ұзын және қысқа болады. Мына екі сөзді тыңдаңдар: үй және кітапхана. Осы сөздердің қайсысы ұзақ, ал қайсысы қысқа айтылады? – Біз ол сөзді өлшеп көрсетейік: 2 қолдың алақандарын біріктіріңдер. Сөзді дыбыстай бастаған кезде алақандарыңды аша бастайсыңдар. Ал дыбыстап болысымен, сол сәтте тоқтай қалыңдар (Бұл жаттығу 2–3 баламен жекелеп жүргізіледі, 6–8	екенін табу керек Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты: доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады. Дене шынықтыру Міндеті: Мен ойнағанды жақсы көремін Кеңістікті бағдарлай білу шеберліктерін дамыту, қозғаушы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Допты бастан асыра бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды үйрету. Допты бір-біріне екі қолмен бастарынан асыра лақтыру. Екі тізбекке, сапқа бөлініп тұрады (арақашытығы – 2 метр) (10 рет). Допты тура қолға лақтырып беруге тырысады. Лақтыру бағытын бұзбауға тырысады. Допты ширақ лақтырады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жүгіру» (3 рет).	(Балалармен бірге қайталап оқу). – «Кішкентай бағбан» деп кімді айтамыз? – Садықтың жасаған еңбегін қалай бағалайсың? – Сен Қалелдің орнында болсаң, не істер едің? – Әңгіме қалай аяқталды . Музыка Міндеті: Көңілді ырғақтар Музыка сипатын ырғақты жүріспен музыканың ширақ сипатын жеңіл ырғақты жүріспен беру. Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев), «Полька» (М. Красев), «Қамажай» халық әуені (өндеген Н. Меңдіғалиев) Ән айту: «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Биімді қайтала» (ұнтаспада, педагогтің таңдауымен) Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Ән салған кім?» (А. Райымқұлова) Музыкалық аспапта ойнау:
--	--	---	--	---

	Достыққа адал адам, сертіне де адал болады. Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата». Ойын шарты: педагог қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама, баламасын айтады. Мысалы: әке, ана, аға, тәте – отбасы. Кесе, шәйнек, шанышқы, қасық – ... Қасқыр, түлкі, жолбарыс – ... Қызыл, сары, жасыл, көк – Қазақ тілі Міндеті : Біздің топ не? Нелер? сұрақтарына дұрыс жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап,	(Т.Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (В. Дешевов) Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Сықырлы ағаш» («Дидактикалық ойындар» жинағынан) Математика негіздері Міндеті: Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру Дара заттарды бөлуді үйрету. Бір элементтен тұратын жиын туралы түсінік беру. «Қоян» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын шошайтады. «Қоян» құлақтарын созып тұр. «Сақина» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін бас бармағы мен сұқ саусағын түзетіп, бір-бірімен түйістіреді. «Саусақтардың амандасуы» – саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне қарама-қарсы ұстайды. тапсырманы орындауды ұсынады. Тапсырманы жеке орындауға және алма	сөз айтылады). Дене шынықтыру Міндеті: Біз күшті және ержүрекпіз. Қозғалыс кезінде қайтадан сап құрып тізбекпен жүру және бағытты өзгертіп жүру дағдыларын жетілдіру. Салауатты өмір салтын сақтауға баулу. «Біз күшті және ержүрекпіз» Таяқты дұрыс ұстау керектігін, допты саусақтарымен күшке салмай төменнен жоғарыға қарай қалай итеру керектігін, кегельдердің оң және сол жағынан қалай айналып өту керектігін үйрету. Тепе-теңдікке арналған тапсырманы орындайды: гимнастикалық орындық үстінде доп ұстап жүру: Нұсқау: тізені жоғары көтеріп, іші толтырылған доптарды аттап өту. Екі тізбекке тұрады. Бастарын түсірмей, дене бітімдерін түзу ұстап жүреді. Орындықтан түсерде, алдымен жерді аяғының ұшымен басып, сонан соң бүкіл табанын жерге қояды. <u>Қауіпсіздік техникасы</u>	Шеңберге тұрып, балалардың ішінен санамақ арқылы қуалайтын баланы таңдайды. Белгі бойынша орындықтың үстіне қашып шығады. Бір орыннан екінші орынға қашып жүреді. Сайланған бала оларды ұстауға тырысады. Көркем әдебиет Міндеті : Күз-жомарт Е.Өтегілеуұлы Өлеңді логикалық екпінмен, үзілістермен жатқа айтуға дағдыландыру. Байланыстырып сөйлеуін жетілдіру. Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?» Ойын шарты: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек. Педагог: Балалар, сендер дүкенге барғанда әртүрлі заттарды, жаңа айтқан жемістермен көгеністерді көресіңдер. Сол заттарды сатып алуға болады. Ал сатып ала	«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай) Шығармашылық бейнелеу Міндеті: Алмұрт Жолақшаларды екіге бүктеп ретімен киіп жапсыру, құрастыру суретін салу, мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру Мақсаты: Күзгі табиғатты бақылау кезінде қарапайым өзгерістерді атай білуге және өздерінің сезімдері туралы әңгімелеуге үйрету -Қазір қандай жыл мезгілі? - Күзде ағаштар қандай түске енеді? - Жапырақтар қандай қандай түске боялады? - Неге күзді «Алтын күз» деп атаймыз? Жаңа сабақпен таныстыру Бүгін қағазға өң беру аппликация жұмысын жасаймыз. 1. Бүрку 2. Дымқылдау 3. Құрғақ қылқалам (Осы тәсілдермен таныстырып өту) Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай бөбектер Үлкен болып өседі. Үлгімен таныстыру 1. Үлгімен таныстыру 2. Дайындаманы киіп алу 3.
--	--	---	---	---	---

сөйлем құрайды. Мектеп.....(әдемі, жарық, таза) Біздің..(топ) Біздің топта..(ойыншықтар көп) Біздің топта..(үстелдер, орындықтар, кереуеттер) бар. Табиғат бұрышында..(гүлдер) бар. Қоршаған ортамен танысу Міндеті: Мектеп мамандары Балалардың мектеп қызметкерлері туралы олардың жұмысының маңыздылығы туралы білімдерін кеңейту. «Қандай мамандық иесі?» ойыны. Балалар бұл сөздерді қандай мамандық иесі айтуы мүмкін екенін анықтайды. Сіздің кекіліңізді қысқа қию керек пе?... (шаштараз) Балалар, кітаптың бетін ашыңдар ... (мұғалім) Рульді оңға бұрайын...(жүргізуші) Сурет салуға қылқаламдардайындады м...(су ретші)	мен алмұрттарды бөлек топтарға бөлу үшін қасиеттерін тұжырымдауға уақыт береді. Сұрақ қояды: Әрбір топта неше алма және алмұрт бар? «Бірнеше» немесе «көп», «бір»сөздерін пайдалануға қолжеткізеді. Әр түрінен бір үлкен жемісті бояу	қажет кезде көмек беру, толтырылған доптарды балалардан бір адым қарақашықтыққа қою. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тым-тырақай» (3 рет). Ойыншылар бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер бойында тұрады. Ортада ұстаушы- жүргізуші тұрады. балалар төмендегі сөздерді айтып, шеңбер бойымен жүреді: «Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш – деп санаңдар. Бір, екі, үш – ал тараңдар!» Осыдан кейін зал ішіне тым- тырақай қашады. Ұстаушы балаларды қуып, ұстауға тырысады. Сөйлеуді дамыту Міндеті: Менің досым Суретке қарап әңгіме құрауды және байланыстырып сөйлеуді үйрету, баланың сөздік қорын байыту; -Балалар, «Дос» деген сөз жай айтыла салмаған сөз екен. Дос болудың даулық жауапкершілігі бар екенін түсінулерің қажет. Досыңа адал болсаң, досың саған да адал болады. -Досыңа қандай сыйлық	алмайтын заттар да бар екен. Сендер дәптермен жұмыс жасағанда көресіндер. Математика негіздері Міндеті: 1саны және цифры 2саны және цифры 1және 2 цифрымен таныстыру.Заттарды санай алуға сандардың айтылу реттілігін үйрету. (Тақтаға бір алманың суретін іледі). - Тақтада қанша алма бар? (Осыдан кейін тағы бір алманың суретін алып, бір алманы қосады) - Енді қанша алма болды? «Екі» деген сөзге балалардың көңілін аударады. (Екі саны екі бірліктен тұратынынбалаларға айтып түсіндіреді.) - Балалар, бір алмаға және бір алма қостық. Содан екі алма шықты. Осыдан соң екі санының цифрымен таныстырады. Екі санына байланысты өлең шумақтарын оқып береді 2 цифр: Бірден кейін тұрамын	Дайындаманы төрт бөлікке бөлгізу. 4. Дайындама әртүрлі пішінді жапырақшалар. 5. Контур сызығы бойымен қиғызу 6. Ақ қағаз бетіне жапырақшаларды ретімен желімдеу. Қоршаған орта Міндеті: Заттардың адам өміріндегі маңызы.Заттар неден жасалады? Заттар,олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру. «Айналар» ойыны. Шарты: жүргізуші сайланады, қалған балалар «айна» болады. Жүргізуші айна сататын «дүкенге» кіргендей болады. Жан-жағына қарап, таңданып, қандай қимыл жасаса, «айналар» сол қимылды қайталайды.
--	--	---	--	---

Кестеге сәйкес ҮІӨ	Сауат ашу Міндеті: Сөздерді буынға бөлеміз Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету. Психологиялық дайындық Күндей жарқырап, Айдай арайлап. Жұлдыздай жарқырап Судай мөлдір көңілмен Бүгінгі сабағымызды бастайық. Сұрақ- жауап сағаты. 1. Дыбыс дегеніміз не? 2. Әріп дегеніміз не? 3. Дыбыстар нешеге бөлінеді? 4. Дауысты дыбыстарды ата. 5. Дауыссыз дыбыстарды ата. 6. Ата, әже, ана, бала сөздерін жаз. Суретпен жұмыс. Алма, шар, тау. Логикалық тапсырмалар	Дене тәрбиесі Міндеті: Тату-тәтті баламыз! Қозғалыс үйлесімділігін дамыту, қозғалыс кезінде тапқырлық таныта білу шеберліктерін қалыптастыру. Б.қ: негізгі тұрыс. 1- қолды екі жаққа созу; 2- Қолдарды жоғары көтеріп, қол шапалақтау; 3- қолды екі жаққа созу; 4- бастапқы қалып. Б.қ: аяқты сәл ашып, қолды белге қою. 1--қолды екі жаққа созу: 2- алға иіліп, қол шапалақтау; 3- түзу тұрып, қолды екі жаққа созу; 4- бастапқы қалып. Б.қ: аяқты иықтың деңгейінде қою, қолды белге қою; 1- қолды екі жаққа созу; 2- алға иілу, оң аяқтың тізесінің астында қол	Сауат ашу Міндеті: Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. Суретті үлгі бойынша алмасөзіне дыбыстық талдау жасату. Сонымен, алма сөзінде неше дыбыс бар екен, ондағы дыбыстарды атаңдар. Алма сөзінде неше дауысты дыбыс бар? Мен неше бөлікке бөліпайтамын, мұқият тыңдаңдар. Ал- ма, бірінші ал бөлігіналбуыны, ал екінші ма бөлігің -ма буыны деп айтамыз. -Алма сөзі неше буыннан тұрады? Әр буынын атап айт. Екі буыннан. Бірінші ал, екінші - ма буыны. Алма сөзін буындап айтқызу.	Көркем әдебиет Міндеті: Тәуелсіздігіміз мәңгілік Ә.Дәулеткелді Сюжеттік бірізділікті сақтап, көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру. Әңгіменің тілдік бейнелілігін сезінуге баулу. Шаттық шеңбері Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Біз бақытты баламыз. Қазақтан Республикасының әнұраны орындалады. Балалар, біздің бүгінгі әңгімеміз Отан жайлы болмақ. - «Отан» деген сөзді қалай түсінесіңдер? Әр адамның өз Отаны болады. - Отан ол біздің туған жеріміз, тұратын жеріміз, отбасымыз.	Қазақ тілі Міндеті: Еліміздің астанасы-Нұр-сұлтан Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, таппақ жаттау. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетіміз басқа оқу іс – әрекеттеріне қарағанда ерекше. Бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіміздің тақырыбы «Гүлдене бер НҰР сұлтан» деп аталады. - Балалар сендер саяхатқа шыққанды ұнатасыңдарма? Мен сендерге сұрақ қоямын сендер жауабын айтыңдар. - Біздің мемлекетіміз қалай аталады? - Елордамыз қай қала? Дұрыс айтасыңдар балалар біз бүгін осы Астана қаласына саяхатқа барамыз.

	Дене тәрбиесі . Міндеті :Тату-тәтті баламыз!Қозғалыс үйлесімділігін дамыту,қозғалыс кезінде тапқырлық таныта білу шеберліктерін қалыптастыру. Б.қ: негізгі тұрыс. 1- қолды екі жаққа созу; 2- Қолдарды жоғары көтеріп, қол шапалақтау; 3- қолды екі жаққа созу; 4- бастапқы қалып. Б.қ: аяқты сәл ашып, қолды белге қою. 1--қолды екі жаққа созу: 2- алға иіліп, қол шапалақтау; 3- тұзу тұрып, қолды екі жаққа созу; 4- бастапқы қалып. Б.қ: аяқты иықтың деңгейінде қою, қолды белге қою; 1- қолды екі жаққа созу; 2- алға иілу, оң аяқтың тізесінің астында қол шапалақтау; 3- тұзу тұрып, қолды екі жаққа созу; 4- бастапқы қалып. Б.қ: негізгі тұрыс, қолды белге қою.	шапалақтау; 3- тұзу тұрып, қолды екі жаққа созу; 4- бастапқы қалып. Б.қ: негізгі тұрыс, қолды белге қою. « Аңшылар мен қояндар » Мақсаты: Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорға нуға үйрету. Ойын мазмұны: Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгілен еді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: « Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгі реді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған бол ып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады Сауат ашу Міндеті: Сөздерді буынға бөлеміз Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру,берілген буынға сөз құрауды үйрету.	Раушан, ата, ай, көбелек сөздерін буынға бөліп айтқызу. Рау-шан, а-та, ай, кө-бе-лек. Балалардың өздеріне жеке сөздер ойлатып, буынға бөлдіріп, неше буын екенін айтқызу. 3.Өте жақсы, балалар. Жұмбақбай атай сендерге енді жұмбақ жасырмақшы. Судан ол қорқады, Бұдан кір қорқады. Сабын сөзін буынға бөлгізу. (Са-бын) Сергіту сәтін өткізу. Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз, Міне біздер қандаймыз! Бөлінбейді іргеміз, Өрқашанда біргеміз. .Енді, балалар, сендерге атайларың «Қай буынды жоғалттым?» ойынын ұсынғысы келіп отыр екен. Енді бәріміз осы ойынды ойнау арқылы аталарыңа көмектесіп, жоғалған буынын тауып жіберейік. Мен қазір сендерге бір буын айтам, сендер сөздің соңғы буынын табасындар. Мысалы: са-ғат а-ғаш мы-сық, кү-шік т.б. Дәптермен жұмыс: (піл,	- Отан біздің атамекеніміз. - Отан біздің табиғатымыз, айналамызды қоршаған орта. - Біздің Отанымыз, еліміз өте бай, өте әдемі. - Біздің Отанымыз- Қазақстан! Ермек Өтетілеудің «Менің Отаным» атты өлеңімін танысамыз. Отан деген - атамекен, Отан деген- туған жер. Отан – ана, Отан – үлкен Қазақстан – туған ел! Өлеңнің мазмұнын, мағынасын балаларға түсіндіру. Музыка Міндеті: Егеменді елім Шығармалардың эмоциялық мазмұнын олардың сипатын көңіл күйін ажырату,әсерлі реңктерін ажырату. Шаттық шеңбері. Мейірімді жүрекпен Ақ пейілді тілекпен Амандасып алайық Бір жадырап қалайық Әдемі достарымызды Сүйіп сүйіп алайық. Ойын «Сыйқырлы	- Астана қаласына қандай көлікпен барғанды ұнатасындар? Ақ орда -Елбасшымыз шетелден келген қонақтарды қабылдап, мәжілістер мен ресми жиындар өткізетін орын. Бәйтерек -Қазақстан мемлекетінің символы. Дүние жүзінде теңдесі жоқ,бірегей сәулетті ғимарат. Мұнда келушілер шыны шарда орналасқан жарық әрі кең көру залына понарамалық лифт арқылы көтеріледі. Биіктігі 97м. Мынау Бейбітшілік және келісім сарайы. «НұрАстана» мешіті.Қазақст ан мен Татарстан Елбасылары қол жеткізген келісімге сәйкес бой көтерген Алланың үйі. Думан ойын - сауық орталығы. Сергіту сәті: Біз кішкентай баламыз Өсіп-өніп толамыз Күнге қарай талпынып Көкке қолды созамыз Қанат қағып ұшамыз Орнымызды табамыз «Туған жерді гүлдендірейік»
--	--	---	---	---	--

	« Аңшылар мен қояндар » Максаты: Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қо рғануға үйрету. Ойын мазмұны: Алаңның бі р жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіл енеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйін ен шығып, жайылымда қос аяқтап, секір іп жүреді. Тәрбиеші: « Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне ж үгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетед і. Ойын бірнеше рет қайталанады Көркем әдебиет Міндеті: Тәуелсіздігіміз мәңгілік Ә.Дәулеткелді Сюжеттік бірізділікті сақтап,көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру. Әңгіменің тілдік бейнелілігін сезінуге баулу. Шаттық шеңбері Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды	Психологиялық дайындық Күндей жарқырап, Айдай арайлап. Жұлдыздай жарқырап Судай мөлдір көңілмен Бүгінгі сабағымызды бастайық. Сұрақ- жауап сағаты. 1. Дыбыс дегеніміз не? 2. Әріп дегеніміз не? 3. Дыбыстар нешеге бөлінеді? 4. Дауысты дыбыстарды ата. 5. Дауыссыз дыбыстарды ата. 6.Ата, әже, ана,бала сөздерін жаз. Суретпен жұмыс. Алма, шар, тау. Логикалық тапсырмалар Сөйлеуді дамыту Міндеті :Алғашқы қар Дауыссыз дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктерін түсіндіру .Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу. Шаттық шеңбері: Қыс келді, қыс иықтап, Қалды аюлар ұйықтап. Қыс келді, қыс мұз, қарлы, Қыраулы да ызғарлы. Қыс келді, қыс боранды. Қырат көрпе оранды. Әңгімелесу. Қыста күн	доп, қаз, мы-сық, түл-кі, кү-шік, арыс-тан, кө-бе-лек, жа- пырақ, кі-тап-ха-на, дә-рі-ха- на) суреттегі сөздерді буынға бөлу. Неше буыннан тұратынын айту керек. Үзік сызықпен берілген дөңгелектерді сызып шығу Дене шынықтыру. Міндеті :Менің көңілді добымТөзімділікке тәрбиелеу.Команда болып тапсырмаларды орындауға баулу. Жалқаулықты тастаймыз Жаттығуды бастаймыз Қиынсынып қашпаймыз Шынығамыз жастай біз Жаттығу жасау. 1. Б. қ тік тұру 2. Қол жоғарыға 4 - брет 3. Қолды жанға көтеру 4. Б. қ келу Музыка ырғағымен тізені сәл бүгіп, жан - жаққа бұрылу 1. 1. Б. қ тік тұру 2. Қолды жоғары көтеріп 3. Қол соғ 4. Б. қ келу Добым менің добым Өзің неткен көңілді едің Зымырайсың, қутындайсың Бірақ менен	дорба» Торсық, камшы, асық, домбыра. Балалар сыйқырлы дорбамыздың бетінде не бейнеленген Қазақстан мемлекетінің елордасы қай қала? Қимылды ойын «Бәйтерек» Балалар біз бірінші қабаттан кристаллды іздеп болдық,енді екінші қабаттан іздестірейік. Рахмет! Жарайсыңдар! Ойын «Туған жерді гүлдендір!» Балалар біз Отанымыз жайлы білетіндерімізді көрсете білдік. Елімізде тыныштық болсын,отанымыз гүлдене берсін деген тілекпен мына картаға гүлдерді жабыстырайық. Математика негіздері Міндеті: Бүтін және бөлік Бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету Шаттық шеңбері. Ұйымдастыру кезеңінде балалар шеңбер бойымен тұрады. Мен кішкентай баламын Мен мектепке барамын Жақсы оқып сабақты	дидактикалық ойыны Сұрақтар қоя отырып, тақырыпты қорытындылау. Математика негіздері Міндеті: Бүтін және бөлік Бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету Амандасу.Шаттық шеңбері: Өсеміз біз күліп-ойнап, Он саусақтың саласындай, Өсеміз біз күліп-ойнап, Бір адамның баласындай. Жаңалық ашу. Кемпірқосақта қанша түс бар болса, аптада сонша күн бар.Балалар түстермен сәйкестендіріп апта күндерін айтады. – Бір апта бойы не болғанын айтыңдар? – Сендер апта күндерінің атауын білесіңдер ме? Сурет бойынша аптаның әр күні балалардың не істегенін айтыңдар  Сергіту сәті Апам үшін күнде мен,
--	---	---	--	--	---

	даламыз, Біз бақытты баламыз. Қазақтан Республикасының әнұраны орындалады. Балалар, біздің бүгінгі әңгімеміз Отан жайлы болмақ. - «Отан» деген сөзді қалай түсінесіңдер? Әр адамның өз Отаны болады. - Отан ол біздің туған жеріміз, тұратын жеріміз, отбасымыз. - Отан біздің атамекеніміз. - Отан біздің табиғатымыз, айналамызды қоршаған орта. - Біздің Отанымыз, еліміз өте бай, өте әдемі. - Біздің Отанымыз- Қазақстан! Ермек Өтетілеудің «Менің Отаным» атты өлеңімін танысамыз. Отан деген - атамекен, Отан деген- туған жер. Отан – ана, Отан – үлкен Қазақстан – туған ел! Өлеңнің мазмұнын, мағынасын балаларға түсіндіру.	суық, ызғарлы, аязды болады. Қар жауады. Қардан балалар әдемі аққала соғып, сырғанақ жасайды. Қар атысып, ойнайды. Аязды күнде біздің тереземізге аяз оюлар салады, оны «қырау» дейді. Үйдің шатыры, ағаштыңбасы, жердің барлығы аппақ қарға енеді. Қар суық, оны қолғапсыз ұстауға болмайды. Қыста адамдар жылы киініп жүреді, өйткені күн суық. Жұмбақ. Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тоңады. (Қар) Сергіту сәті: Аппақ қылып өңірде, (алақандарын ашу) Қар жауды, қар жауды! (қолдарын сермеу) Көңілді балалар (қолдарын шапалақтайды) Қызығып ді, секірді. (орындарынан түр ып секіру) Дидактикалық ойын.	құтылмайсың . - Бүгін біз доп әлеміне саяхат жасаймыз - Ал енді кетік - Бірінші аялдамаға келіп жеттік - Балалар бұл аялдамада «Доптың пішіні» Ауланы да аралап Добым кетті домалап Кәне, тыныш жат, добым Секіремін үстіңнен - Балалар доптың пішін қандай болады? - Дұрыс, домалақ - Доп не істей алады? - допты жерге ұрғылағанда доп секіреді - Ал енді біз доп сияқты секірейік - Жарайсыңдар балалар - Ал енді екінші аялдамаға кеттік. - Келесі аялдама «Доптың түсі» Ойнағанда добымыз Көңілді болып кетеді Тату болсақ өзіміз Бәрімізге жетеді - Балалар доптың түсі қандай болады? - Дұрыс, сары, қызыл, жасыл, күлгін доп әр түрлі болады - Ал енді, біз доп сияқты домалайық - Жарасыңдар балалар - Келесі аялдама «Допты	Кілең бестік аламын Сәлемдесіп достармен Қуанып бір қаламын! Амансың ба, шуақты күн! Амансың ба, мейірімді аспан ата! Жарайсыңдар, балалар Ертегіні тыңдау. - Ал аю оларды қалай татуластырды? (алманы бәріне тең бөліп берді) - Жарайсыңдар, балалар! Ертегіні жақсы біледі екенсіңдер. -Сендер алманы жақсы көресіңдер ме? Ол несімен пайдалы? (өйткені онда дәрумендер көп) Алма қандай? Пішіні, түсі, дәмі, көлемі (домалақ, қызыл, тәтті, шырынды, үлкен) • Жаксы, балалар. Ал бұл алма бүтін бе? (ия) • Қазір мен алманы пышақпен бөлемін. • Мен алманы не істедім? (бөлдіңіз) • Алманы қалай бөлдім? (қақ ортасынан) • Алма енді нешеу болды? • Енді алма бүтін бе жарты ма? (жоқ, екі	Отынға ағаш жарамын. Су құямын гүлдерге, Дүкенге де барамын. Сыпырымын үй-ішін, Жуамын ыдыс-табақты. Жылай қалса бөпешім, Жұбатамын ойнатып! Ойлан тап! Шығарым көр Нүргүл дүйсенбі күні вокал үйірмесіне барды. 2 күннен кейін домбыра үйірмесіне барады. Домбыра үйірмесі аптаның қай күнінде болады? Бейсенбі  Кері байланыс жасау: смайликтер арқылы Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті: Менің елімнің салт-дәстүрлері Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту. (Ғажайып сәт) -Балалар қараңдаршы, менің қолымда түрлі-түсті ленталар бар. Балалар бір-бірден лентаны қолдарына ұстап, жоғарыға көтеріміз. -Түрлі-түсті ленталардан не құрастырылды? - Біз шаңырақты қайдан кездестіреміз? Шаңырақ –бейбітшілік, қорғаныс және бірліктің символы, жайлы үйдің символы. Балалар мен
--	---	--	---	---	--

	Шығармашылық бейнелеу Міндеті: Куыршаққа арналған сәнді киім Қағазды екіге бүктеу әдісі арқылы киім пішу, жапсыру ,кұрастыру, суретін салу,мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру Жұмбақ шешу Бөбектердей бүлдіршін, Киініп тұр бір мүсін. Ол қаз басып жүрмейді, Сөйлемейді, күлмейді. Жауабы: Қ УЫРШАҚ Куыршақ-бұл қыз балалар ойнайтын ең көп тараған ойыншық. Куыршақтар бала- лар ойыншығы болғандықтан пластмасса материалдан жасалады, қазіргі уақытта олардың қимылдап жүретін, сөйлейтін түрлері көп. Ұлттық куыршақ, театрда қолданылатын, күнделікті ойын куыршақтары. Балалар, қане бойымызды Сергіту сәті Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі Кіп -кешкене	«Қар жинау» Қар туралы бейнетаспа көрсету. Ал,енді балалар көрсету. Ал,енді балалар бәріміз осы ұлпа қардың суретін көк парақтың бетіне ақ бояумен таза ұқыпты жұмыс жасайық. Сурет салып жатқанда жәй дауыста ұнтаспа қойылады. 1.Балалар қылқаламды ауада жүргізеді. 2Қағаз бетіне жұмыс жасайды. Балалар алғашқы жауып тұрған қарды салады. Балалардың жұмысын бағалау. Мадақтау. Жұмыстарын тақтаға ілу. Сергіту сәті. Гүлге оранып сәулетті көшелерім Самалымен сауығып,өсер елім! Қаламызды сүйеміз, көркемдейміз, Қайратты боп өсеміз, өркендейміз! Сурет бойынша әңгіме құрау. Балалар өздерінің туған қаласы немесе ауылы орналасқан облысты атайды және қай бөлікте орналасқанын айтады (оңтүстік,солтүстік,батыс,шығыс) . Өздірі тұрып жатқан қаладағы көрнекі жерлер,	не үшін қажет?» Спорт - досың әрқашан Керек балабақшадан Доп тебеміз, күлеміз Спортты біз сүйеміз - Балалар доп не үшін қажет? - Доп ойнау үшін керек - Допты қалай ойнайды? - Лақтырып, жерге ұрғылап, домалатып ойнайды - Ал енді балалар поезге мінейік өз балабақшамызға қайтайық. Қ. Ойын: «Аңшы мен үйрек» Сөйлеуді дамыту Міндеті :Алғашқы қар Дауыссыз дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктерін түсіндіру .Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу. Қуаныш шеңбері: Қонақ күту салатымыз, Оқып-біліп жатырмыз, Келген қонақ сізге, Сәлем бердік жалпымыз, Жалқаулықты тастайық, Сабақта біз бастайық Білім жолымен жүрейік, Қиындықтан қашпайық. Жақсы, балалар ! Енді орнымызға отырайық. Бүгін біз алғашқы қар жайлы ойымызбен	жарты болды)) • Мынау не? (ол алманың бөліктері) • Алманы бөлгенде екі жарты, екі бөлік болды. • Енді балалар айтыңдаршы біз бүгінгі сабақта не көрдік, не білдік? (бүгін затты бөлікке бөлуге болатынын) • Дұрыс, балалар! Біз кез келген затты екі, үш, төрт одан да көп бөлікке бөле аламыз. Енді осыны білу үшін бүгінгі математика іс-әрекетінде затты тең екі бөлікке бөлуді үйренейікші. Балалар, ұзын бір лентадан неше лента шықты? - Енді бір бөлігін көрсетіндерші. Лента тең бөлінді ме? Жарайсыңдар, балалар! Қазақ тілі Міндеті: Мемлекеттік рәміздер. Мемлекеттік елтаңба Мемлекеттік елтаңбаны сипаттай білуге үйрету, тапқаты жаттау. Шаттық	сіздерді киіз үйдің ішіне шақырамын, жайғасып отырыңдар Суреттерді сәйкестіру  Балалар , мынау қандай дәстүр? Не үшін бұл ырымды жасаймыз
--	--	--	--	---	--

балалар Үлкен болып өседі. - Балалар, енді ойын ойнайық. Д/О «Қуыршақты киіндіру» Балалар , енді қуыршаққа қысқы киімдерді кигізіп көрейік бас киім, кеудеше, шалбар, етік. - Балалар, сендер енді өздерінің қуыршақтырынды киіндіресіңдер. Ұл балаларға ұл баланың суреті қыздарға қыз баланың суреті үлестіріледі. Әр баладан кигізген киімдері мен түстерін сұрау. - Айзере, қуыршағының аты кім? - Күртешесінің түсі қандай? - Шалбарының түсі қандай? - Аяқ киімнің түсі қандай? - Бас киімінің түсі қандай? Т.б Балалардан бүгінгі оқу қызметінен алған әсерлерін, көңіл-күйлерін, немен айналысқандарын, сұрау. Жасаған жұмыстарына кері байланыс жасау ,	табиғаты, халқы немен айналасатынынәңгімелейді. Балалар әңгімені тыңдап, өздері тұратын өлкеде өсетін гүлдерді,туған өлкенің табиғатын сурет бойынша әңгімелейді. Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті: Менің туған өлкем Туған өлке әр адамның туып өскен жері,атамекені екенін түсіндіру. Қолдарын кеуделеріне қойып, «Менің Қазақстаным» әнұранымызды шырқаймыз Балалар ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімізді әнұраннан бастаған себебіміз бүгін біз, Отанымыз-Қазақсан және туған өлкеміз Амангелді ауданы туралы айтамыз. Суретпен жұмыс.  -Балалар біздің республикамыз қалай аталады? -Біздің отанымыздың	бөлісетін боламыз. Балалар суретке назар аударайықшы.  Енді оқу іс әрекетімізге кірісейік. Бүгін біз бұлттардан жапалақтап келе жатқан қарды қылқаламмен, ал жерде жатқан қарды таяқшамен саламыз. -Бір-бірімізге бөгет жасаймай, ұқыпты орындаймыз. -Балалар қолдарын шаршап қалды ма? -Сергіту сәтін орындасак қайтет ? Сергіту сәті : Ауадан қуат алайық, Алақанға салайық, Жерден нәр алайық, Алақанға салайық, Күннен шуақ алайық, Алақанға салайық, Күн шуағын апайларға сыйлайық! - Қыс мезгілі-Қар жауады, күн суытады. -Үйлердің, ағаштардың, жолдардың. Бір-біріне бөгет жасамайтындай отырып, таяқшаларын ақрындап	шеңбері - Менің Отаным өте сұлу! - Менің Отаным өте бай! - Менің Отаным әдемі! - Мен Отанымды, рәміздерімді мақтан етемін! Балалар шеңберге тұрып, бір- зіміздің туған жеріміз – Отанымыз туралы әңгімелесеміз. - Балалар біз қандай мемлекеттке тұрамыз? Әрине Қазақстан Республикасында тұрамыз. Қазақстан Республикасының астанасы қандай? - Біздің ұлтымыз қандай? - Біз қай тілде сөйлейміз? - Ал. Сендер біздің елді басқарып отырған Елбасымыздың есімін білесіңдер ме? Сергіту сәті: «Қара жорға» Дидактикалық ойын: «Менің сүйікті қалам». Ойынның шарты: балалар дөңгелене тұрады. Ойын бастаушы «Сүйікті қаланды ата!» деп, допты бір балаға лақтырады. Бала жауабын айтып, келесі балаға	
--	--	---	---	--

	мадақтау	президенті кім ? -Қазақстан республикасының рәміздерін атаңдаршы? - Қазақстан республикасының бас қаласы, астанасы қай қала? Біз қай тілде сөйлейміз? Жарайсыңдар. Балалар жана біз Отанымыз туралы еске түсірдік. Ал енді өзіміздің туған өлкеміз Қостанай облысы, Амангелді ауданымыз жайлы айтайықшы. Ендеше туған өлкеміз Амангелді туралы шағын бейне көріністі тамашалайық.https://www.youtube.com/watch?v=TFJNFrxfX4 Кері байланыс жасау: смайликтер арқылы	малып, қағаз бетіне сүйкеп жағу арқылы қардың суретін салады.Сұрткіштерге қолдарын сүртіп, таяқшаларды орнына қояды. Өзін-өзін бағалау Қандай әдемі суреттер ! Балалар ортаға шығып бір-бірімізбен бөлісейікші. Балаларды оқу іс әрекетіне белсене қатысқаны үшін мадақтау. Математика негіздері Міндеті: Салмағы бойынша тең және тең емес заттар Заттарды қолға алып салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету. Үстелге екі бірдей балалар арқақоржынын қойып, балаларға сұрақ қоямын: Мына арқақоржындар туралы не айта аласыңдар? Олар бірдей ме, немесе әртүрлі ме? Масса туралы не айтуға болады? Олар бірдей ме, немесе әртүрлі ме? Мұны түсіну үшін не істеу керек?	лақтырады. Келесі бала ойынды одан әрі жалғастырады. Біздің Отанымыз – Қазақстан. - Ту, елтаңба, әнұран - Менің сүйікті қалам – Астана! - Менің сүйікті қалам – Алматы! Менің сүйікті қалам – Ақтөбе! Бекіту:Қазақстан Республикасының бас қаласы қалай аталады? - Қазақстан Республикасының рәміздері не жатады? - Балалар, Қазақстан қазба байлықтарға өте бай. Қазақстан Республикасының рәміздерін құрметтеуіміз керек. Балалар толық жауап береді	
--	----------	---	--	--	--

			Балалар арқақоржындардың пішіні, өлшемі, түсі, материалы бойынша бірдей екенін айтады. Салмақ туралы болжамдар айтады. Балалар салмақты көзбен анықтау мүмкін емес, қолға алып, салыстыру керек деген қорытындыға келеді. Қорытындылап, массаның өлшемге байланысты емес екендігі туралы қорытынды жасаймын. Тапсырма. Суреттерге қараңдар. Жағдаяттың сипатыбойынша ауыр және жеңіл арқақоржынды анықтап, белгіле. Сергіту сәті. Орман алаңына жеңіл адымдап, ешқандай жүксіз шыққанымызды елестетіндер. Бұталар мен төмпешіктен Аттап өтіп жеңілдікпен, Бұтақтар мен томарлардан Секіріп өтіп оңайлықпен Ұзақ-ұзақ жүріп келдік, Шаршадық деп берілмедік. Енді жеттік, тоқтадық, Кел, достарым, жайғасып, Отырайық демалып. Тынығамыз, күш жинаймыз, Балалармен бірге қарбызды теңестіру		
--	--	--	---	--	--

			үшін неше алма салу керектігін анықтайды. Ал енді арқақоржынға саңырауқұлақтар мен жеміс-жидектерді толтырып алғанымызды елестетіндер. Қалай қимылдаймыз? Д. Ойын: «Ауыр – жеңіл», «бірдей». Балаларға сыныпта бар заттарды қолға қойып, салыстырып, заттардың қайсысы жеңілірек, қайсысы ауырлау екенін салыстырып білуді ұсынамын: кітап және қарындаш, тас және қағаз парағы, текше және кесек, әуе шары және футбол добы, моншақ және шеге, шеге және дән және т.с.с. Сондай-ақ салмағы бірдей жұптарды анықтауды ұсынамын. Алманың суретін салады. «Өлшеу» бойынша жұптық жұмыс. Тексерген кезде жұптардың әрқайсысы өз жауабын түсіндіреді. Мадақтау		
--	--	--	---	--	--

Серуенге дайындық	Балаларды өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға, оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Киімдерін сөрелерден ұқыптылықпен алуға, дербестікке дағдыландыру, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға,Мысалы: күртеше, Етік, Қолқап, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру Мемлекеттік тілді меңгерту	Балаларды өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға, оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту Мемлекеттік тілді меңгерту	Өздігінен реттілікпен киінуді үйрету Балаларға қысқы табиғаттың ерекшеліктері туралы қысқаша түсінік беру, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру
Серуен	Серуен картотекасы№1 Қардың жұмсақтығы" Бақылау: Қардың түсі, жұмсақтығы, суықтығы туралы әңгімелесу. "Қарды ұстасаң не болады?" тәжірибесін өткізу (қар ериді). Қимылды ойын: "Қар лақтыру": Белгіленген қашықтықтағы нысанаға қарды дәл лақтыру. "Қардан үй тұрғызу": Балалар топпен жұмыс істеп, қардан шағын үй жасайды. Ұлттық ойын:	Серуен картотекасы №2 "Аязды күн" Бақылау: Аязды ауа-райын бақылау, ауызбен тыныстағанда шыққан буды қарау. "Терезеге мұз өрнектері қалай пайда болады?" туралы түсіндіру. Қимылды ойын: "Қар үстінде із қалдыр": Әр бала ерекше із қалдыру үшін жүгіреді, секіреді. "Шанамен жарыс": Белгіленген қашықтықта балалар жарысады. Ұлттық ойын: "Теңге алу": Шанамен сырғанағанда жерден	Серуен картотекасы№3 "Қардың түрлері" Бақылау: Жаңа жауған қар мен ескі қарды салыстыру. Қарды қолға алып, еруін бақылау. Қимылды ойын: "Қардан мүсіндер жасау": Қардан аққала немесе жануарлардың бейнелерін жасау. "Қар тастау": Белгіленген қорапқа немесе шеңберге қарды лақтыру. Ұлттық ойын: "Қарға түскен ізді тап": Балалар бір-бірінің іздерін табады.	Серуен картотекасы№4 Бақылау: Мұздың бетін бақылау, оның суық және тайғанақ екенін байқау. "Қалай мұз ерітеміз?" тәжірибесі. Қимылды ойын: "Мұз үстінде жүру": Балалар арнайы жолаққа мұз үстінде жүруді үйренеді. "Кім жылдам": Қардан доп жасап, кім жылдам домалататынын көреді. Ұлттық ойын: "Қар бүршігі": Балалар қарға отырып секіреді,	Серуен картотекасы№5 "Қысқы жануарлар әлемі" Бақылау: Құстардың және қысқы жануарлардың іздерін қарау (ит, мысық). Қыста жануарларға қалай көмектесуге болатынын әңгімелеу. Қимылды ойын: "Ормандағы қояндар": Балалар қоян болып секіреді, түлкіден қашады. "Аю мен аңдар": Балалар аюдан жүгіріп қашады. Ұлттық ойын: "Жеті тас": Қардан жасалған шарларды жинау.

	"Ақсерек, көксерек". Еңбекке баулу: Қар тазалау үшін кішкентай күректермен аула тазалау. Дербес әрекет: Балалар қармен ойнап, өз қалауларында бейнелер жасап көрінеді. (Ұлттық құндылық, экологиялық мәдениет, еңбекке баулу, қамқорлық, шығармашылық дағдалырды қалыптастыру)	теңгені іліп алу. Еңбекке баулу: Ауланы мұздан тазарту (кішкене күректерді пайдалану). Дербес әрекет: Балалар қармен сурет салу (таяқшамен). (Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру Шығармашылық дағды)	Еңбекке баулу: Ауланың қар басқан ағаш бұтақтарын тазалау. Дербес әрекет: Балалар өздері ойлап тапқан мүсіндерді жасайды. (Саяхат ойын, Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру, еңбекке баулу)	кім алысқа барады. Еңбекке баулу: Мұзды қауіпті жерлерден алып тастау. Дербес әрекет: Балалар мұзды қолмен ұстап көріп, ерекше формаларын жинайды. (Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру)	Еңбекке баулу: Құстарға арналған жемсалғышты қардан тазарту және жем шашу. Дербес әрекет: Балалар табиғатпен өзара әрекет етеді (қарды ұстап, жануарлардың ізін бақылау). (Әңгіме ойын Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру)
Серуеннен оралу	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу Жеке гигиенаны сақтауға баулу	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне –өзі қызмет етуге баулу
Түскі ас	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету.	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету.	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету.	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету.	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету.

	"Қолды қалай жуамыз?" сұрағын қойып, әрекеттерін бақылау. "Сабынды алып жақ, суды ашып шайқайық" Кесте бойынша кезекшілікті орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	Балаларға үстелдегі тағамдарды атап, олардың түр-түсін, пішінін және дәмін сипаттау. Мысалы: "Мынау сары май, сары түсті, жұмсақ", "Бұл - нан, ол хош иісті". Кесте бойынша кезекшілікті орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету. Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді. Кесте бойынша кезекшілікті орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	Балаларға: Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет"). Тамақтан соң қолын сұрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. Кесте бойынша кезекшілікті орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	Балаларға: Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сұртуға көмектесу. Балалардан алдарына қойылған тағамның атын сұрау, дұрыс тамақтану туралы мәлімет беру Кесте бойынша кезекшілікті орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)
Күндізгі ұйқы	Тыныштық орнату және бөлмені желдетіп, таза ауамен қамтамасыз ету. Балаларға өздігінен киімдерін шешіп, ұйықтар алдындағы киімдерін киюге дағдыландыру Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, музыка)	Балаларға өздігінен киімдерін шешіп, ұйықтар алдындағы киімдерін киюге дағдыландыру Балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету ұйықтар алдында балаларға кітап оқу (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, тыңдау дағдысын қалыптастыру)	Балаларға өздігінен киімдерін шешіп, ұйықтар алдындағы киімдерін киюге дағдыландыру Ұйықтар алдында балаларға кітап оқу Аудио ертегі қосу (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, тыңдау дағдысын қалыптастыру)	Балаларға өздігінен киімдерін шешіп, ұйықтар алдындағы киімдерін киюге дағдыландыру Балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, музыка)	Балаларға өздігінен киімдерін шешіп, ұйықтар алдындағы киімдерін киюге дағдыландыру Ұйықтар алдында балаларға кітап оқу (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, тыңдау дағдысын қалыптастыру)
Ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	. Біртіндеп ұйқыдан ояту, профилактикалық дене шынықтыру-сауықтыру шаралары Балаларға қиял әлемін сыйлап, ояруды қызықты ету. Балалардың төсектерінің қасында	Біртіндеп ұйқыдан ояту, профилактикалық дене шынықтыру-сауықтыру шаралары Құстардың шырылын еліктейтін дыбыстар немесе табиғи музыка қосу. Бала	Біртіндеп ұйқыдан ояту, профилактикалық дене шынықтыру-сауықтыру шаралары Балалармен бірге терең тыныс алу және дем шығару жаттығуларын жасау	Біртіндеп ұйқыдан ояту, профилактикалық дене шынықтыру-сауықтыру шаралары Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу,	Біртіндеп ұйқыдан ояту, профилактикалық дене шынықтыру-сауықтыру шаралары Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу»

	тұрып, қысқа ертегі айтудан бастау: "Қояндар оянды, орман оянды, енді біздің балаларымыз да оянады!" «Денсаулық жолдарымен жүргізу» Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар	оянғаннан кейін, төсекте отырып, жеңіл созылу жаттығуларын жасау. «Денсаулық жолдарымен жүргізу» Жұмсақ және қатты жолдар	тыныс алу жаттығулары:Мұрын арқылы терең тыныс алу және ауыз арқылы жай шығару. «Денсаулық жолдарымен жүргізу» құмды жолдар	көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау «Денсаулық жолдарымен жүргізу» Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар	Жұмсақ және қатты жолдар
Бесін ас	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Кейбір балалардың тамақты асықпай жейтінін, ал кейбір балалардың жылдам жейтінін ескере отырып, оларды асықтырмай, керісінше тамақты жақсылап шайнауға, ұсынылғанның бәрін тауысып жеуге үйрету Кесте бойынша кезекшілікті орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	Гигиеналық шараларды ұйымдастыру, балаларды дербестікке баулу: қолдарын ескертусіз өздігінен жуу, негізгі ережелерді сақтау. Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. Кесте бойынша кезекшілікті орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету. Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді. Кесте бойынша кезекшілікті орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет"). Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. Кесте бойынша кезекшілікті орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	Тамақтану кезінде балалардан толық тыныштықты талап етпей, өздерін еркін сезініп, бір-бірімен жай әңгімелесуге мүмкіндік беру Балаларды асықтырмай, оларды орынсыз ескертпелермен алаңдатпай, тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесе отырып, балалардың назарын тағамға аудару Кесте бойынша кезекшілікті орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)
Балалардың дербес әрекеті(қимылдық ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа, тағы басқа ойындар, кітап оқу,	Мақсаты: Баланың қиялын, эстетикалық сезімін және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ойын түрлері:	Мақсаты: Баланың қоршаған орта туралы білімін тереңдету және логикалық ойлау қабілетін жетілдіру. Ойын түрлері:	Мақсаты: Тіл дамыту, диалогтық сөйлеу және достық қарым-қатынас қалыптастыру. Ойын түрлері: "Сөздік шеңбер"	Мақсаты: Баланың қиялын, эстетикалық сезімін және шығармашылық қабілеттерін дамыту. "Кім боламын?"	Мақсаты: Баланың қоршаған орта туралы білімін тереңдету және логикалық ойлау қабілетін жетілдіру. "Кімнің ізі?"

бейнелеу)	1. "Сиқырлы сурет салу" Балалар арнайы тапсырма бойынша қыстағы орман, жаңа жылдық шырша немесе қар патшалығын бейнелейді. ○ Құралдар: гуашь, акварель, түрлі-түсті қағаз, мақта. ○ Ереже: Балалар тапсырманы өз қиялы бойынша еркін орындайды. Шығармашылық іс - әрекеттер	1. "Табиғат құпиялары" Балалар қардың, мұздың, судың қасиеттерін зерттейді. ○ Құралдар: су, мұз, пипетка, шыны ыдыс. ○ Ереже: Балалар мұздың қалай еритінін немесе судың қай уақытта қата бастайтынын бақылайды. Танымдық-зерттеушілік іс-әрекет	Балалар қыс туралы бір сөзден айтып, әңгіме құрастырады. Ереже: Әр бала бір сөйлем қосып, ортақ әңгіме шығарады. Қарым-қатынас іс-әрекеті	Рөлдік ойын, онда балалар суретші, құрылысшы, аспаз сияқты мамандықтарды көрсетеді. ○ Ереже: Әр бала өз рөлін ойнап, кішкентай сахналық қойылым жасайды. Шығармашылық іс - әрекеттер	Балалар жануарлардың қардағы іздерін суреттерден табады. Құралдар: іздер бейнеленген карточкалар, жануарлардың ойыншық мүсіндері. Ереже: Балалар әр ізге сәйкес жануарды табады. Танымдық-зерттеушілік іс-әрекет
Балалармен жеке жұмыс	----- Кітап оқу: баламен бірге суретті кітаптардан ертегілер оқу, оларды талқылау. Сөздер мен сөйлемдерді толықтыру: баланың өз сөздік қорын байыту. Дыбыстарды айту: нақты дыбыстар мен сөздерді айтуға көңіл бөлу.	----- Сөйлеу дағдыларын дамыту мақсатында Баланың сөздік қорын байыту, сөйлеу дағдыларын жетілдіру. "Жұмбақ шешу" — баланың жасына сәйкес қарапайым жұмбақтарды оқып, шешімін табуға көмектесу.	----- Қоршаған Ортаға Таныстыру Табиғатқа экскурсия: сыртта серуендеу кезінде өсімдіктер мен жануарлар туралы айту. «Кім? Не? Қайда?» ойыны: айналадағы заттар мен олардың аттарын айту.	----- Логикалық ойлауды дамыту мақсатында Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру, қоршаған әлемді тану дағдыларын дамыту. "Артық затты тап" — балаға үш-төрт заттың суреттері көрсетіледі (мысалы: алма, алмұрт, кітап), артық затты анықтау тапсырмасы беріледі.	----- Саусақпен Сурет Салу Бояу Және Саусақпен Сурет: Саусақтарды бояуға малып, қағазға сурет салу (мысалы, гүлдер, ағаштар, жануарлар). Құмда Сурет Салу: Далада немесе үйде арнайы тақтада құммен сурет салу.

Серуенге дайындық	Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, жылы күртеше мен қолдарына қолғап кигізу, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Киімдерін сөрелерден ұқыптылықпен алуға, дербестікке дағдыландыру, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға,Мысалы: күртеше, Етік, Қолқап, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру Мемлекеттік тілді меңгерту	Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру Мемлекеттік тілді меңгерту	Өздігінен реттілікпен киінуді үйрету Балаларға қысқы табиғаттың ерекшеліктері туралы қысқаша түсінік беру, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру
Серуен	Серуен картотекасы №6 Мұзды бақылау Мақсаты: Мұздың қасиеттерін зерттеу. Бақылау барысы: - Балаларға мұздың үстін ұстап, оның қатты және суық екенін сезіндіру. - Мұздың қалай пайда болатынын түсіндіру (су қатып, мұзға айналады). - Мұздың сырғанақ екенін тәжірибе арқылы көрсету. "Қар астындағы қазына" Мақсаты: Зейінді және ізденімпаздықты дамыту. Ойын барысы: - Балаларға қардың астына жасырылған ойыншықтар немесе	Серуен картотекасы №7 Қардың астындағы өсімдіктерді бақылау Мақсаты: Қардың астында өсімдіктердің сақталатынын түсіндіру. Бақылау барысы: - Қарды тазалап, жердің астындағы шөптерді немесе кішкентай бұталарды қарап көру. - Қар өсімдіктерді суықтан қорғап, "жамылғы" қызметін атқаратынын түсіндіру. "Қардан кім тезірек қар лақтырады?" Мақсаты: Балалардың дене шынықтыру қабілеттерін дамыту, шапшаңдыққа баулу. Ойынның барысы: - Балаларға қарды қолмен немесе	Серуен картотекасы №8. Аспанды бақылау Мақсаты: Қыстағы аспанның ерекшеліктерін байқау. Бақылау барысы: - Балалармен аспанның түсін бақылау (көк, сұр, кейде ақ бұлтты). - Бұлттардың қозғалысын бақылап, олардың жылдамдығы туралы әңгімелеу. - Күннің аз көрінетінін және жарықтың өзгергенін талқылау. «Қар бекінісі» Мақсаты: Ұжымдық әрекетке үйрету, қармен жұмыс жасауды дамыту. Ойынның барысы: - Балалар топқа бөлініп, қардан бекініс немесе үлкен қар	Серуен картотекасы №9. Желді бақылау Мақсаты: Желдің табиғаттағы рөлін түсіндіру. Бақылау барысы: - Желді сезіну үшін балаларды сыртта жүгірту. - Желдің қарды ұшырып, ағаштардың бұтақтарын қозғалтуын бақылау. - Желдің күші қатты ма, әлде жай ма екенін талқылау. "Қар ұясына секіру" Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін дамыту, үйлесімділік пен шапшаңдықты арттыру. Ойынның барысы: - Балаларға	Серуен картотекасы №10 Қысқы жануарларды бақылау (іздері арқылы) Мақсаты: Қыс мезгілінде жануарлардың тіршілігін байқау. Бақылау барысы: - Қар үстіндегі іздерді табу (құстардың, иттің, қоянның). - Балалардан іздердің кімге тиесілі екенін болжауды сұрау. "Қардан кім тезірек қар лақтырады?" Мақсаты: Балалардың дене шынықтыру қабілеттерін дамыту, шапшаңдыққа баулу. Ойынның барысы: - Балаларға қарды қолмен немесе күрекшемен алып, белгілі бір межеге (жалауша

	табиғи заттарды (мысалы, бұтақ, тас, шишка) табу тапсырмасы беріледі. Тәрбиеші әр зат туралы жұмбақ айтып, оны табуды сұрайды. Мысалы: "Дөңгелек, бірақ тәтті емес. Қардың астынан тауып көр!" (Еңбекке баулу ,коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту)	күрекшемен алып, белгілі бір межеге (жалауша немесе белгіленген сызық) лақтыру ұсынылады. Кімнің қарды алысқа лақтырғаны немесе белгіге дәл тигізгені бағаланады. (Еңбекке баулу ,коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту	шеңберін жасайды. - Бекініс дайын болғаннан кейін, оны сақтап қалу үшін жеңіл "қар шабуылы" ұйымдастырылады (қар ұшқындарын лақтыру). - Қызықты атмосфера жасау үшін бір топ қорғанса, екінші топ шабуылдаушы болады (Еңбекке баулу ,коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту	қарда бірнеше шеңбер (ұя) салу ұсынылады. - Балалар бір шеңберден екіншісіне секіріп өтуі керек. - Ойынның қиындығын арттыру үшін шеңберлерді бір-бірінен алшақ орналастыруға болады. (Еңбекке баулу ,коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту	немесе белгіленген сызық) лақтыру ұсынылады. Кімнің қарды алысқа лақтырғаны немесе белгіге дәл тигізгені бағаланады. (Еңбекке баулу ,коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту
Серуеннен оралу	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , колдарын көпіршітіп жуу Жеке гигиенаны сақтауға баулу	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне –өзі қызмет етуге баулу
Балалардың дербес әрекеті(қимылдық ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа, тағы басқа ойындар, кітап оқу,	Қимылдық ұлттық ойын Мақсаты: Дене шынықтыруды дамыту, ұлттық дәстүрлермен таныстыру.	Сюжеттік –рөлдік ойын Мақсаты: Баланың қиялын, қарым-қатынас дағдыларын және әлеуметтік бейімделуін дамыту.	Үстел үсті-баспа ойындары Мақсаты: Баланың логикалық ойлауын және ұсақ моторикасын дамыту.	Кітап оқу Мақсаты: Баланың сөздік қорын байыту және тілдік дағдыларын дамыту. Балалар жеке	Бейнелеу өнері Мақсаты: Баланың қиялын, шығармашылық қабілеттерін және қол моторикасын дамыту. Іс-әрекеттер:

бейнелеу)	Ойындар: • "Арқан тартыс" Балалар екі топқа бөлініп, арқан тартады. Ойын ұйымшылдық пен күшті қажет етеді.	Ойындар: • "Дәрігер" Бір бала дәрігер болып, басқалары науқас рөлін ойнайды.	Ойындар: • "Домино" Суреттер арқылы тақырыптық домино ойыны ұйымдастырылады (жануарлар, жемістер).	өздері суреттері бар кітаптарды қарайды. • Қызықты қысқа ертегілер немесе әңгімелер оқып беру арқылы балалар өздері жалғастыра алады. • Кітап бұрышы: Балалар кітаптарды таңдауға еркіндік алады.	• Сурет салу: Тақырыптық суреттер ("Қысқы табиғат", "Менің отбасым").
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу Тәрбиеші ата-аналарға баланың күнін қалай өткізетіні туралы қысқаша ақпарат береді.

Тексерген әдіскер:


Тәрбиеші:


**Тәрбиелеу білім беру процесі
2024-2025 оқу жылы
МАД «Бәйтерек» тобы
Желтоқсан 2-апта**

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.12.2024	Сейсенбі 10.12.2024	Сәрсенбі 11.12.2024	Бейсенбі 12.12.2024	Жұма 13.12.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу.Балалардың үйде немен айналысқанын , бүгінгі көңіл күйін сұрау Медбике тексеруі ҚР әнұранын орындау «Күй күмбірі» - балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланы қолын жууға бағыттау. Медбике тексеруі «Күй күмбірі» - балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Баланы шкафқа киімін шешуге көмек көрсету Медбике тексеруі «Күй күмбірі» - балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Баланың өзімен қатар балалармен байланыс жасауына көмек көрсету. Медбике тексеруі «Күй күмбірі» - балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. Медбике тексеруі «Күй күмбірі» - балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру
Ата-аналармен немесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы балабақшадан қалдырмау туралы кеңес беру,Ата-анаға қосымша сұрақтар немесе алаңдаушылық болса, ашық сөйлесуге шақырып, баланың балабақшадағы күн тәртібі жайлы қысқаша	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау Ата-анамен консультация	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау Ата-анамен консультация	Ата-аналарға күн тәртібі мен күтілетін іс-шаралар туралы қысқаша айтып өту. Ата-анадан баланың үйдегі мінез-құлқы туралы сұрап, сұрақтары немесе тілектері болса, тыңдау Ата-анамен консультация	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу Ата-анамен консультация

	ескертулерді айтып өту. Ата-анамен консультация				
Балалардың іс- әрекеті (ойын,танымдық,коммуникативтік,шығармашылық эксперименталдық, еңбек,қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	"Табиғатты қорғау" Зерттеу іс-әрекеті: • Тақырыбы: Қоқысты дұрыс жинау және сұрыптау • Мақсаты: Балаларды қоқысты дұрыс жинауға және экологиялық таза болуға үйрету. • Іс-әрекет: ○ Балаларға түрлі қоқыс түрлерін (қағаз, пластик, шыны, металл) көрсету. ○ Әр қоқыс түріне арналған арнайы контейнерлерді таныстыру. ○ Қоқысты сұрыптап жинау тәжірибесін ұйымдастыру. Экологиялық дағдыны қалыптасыру	Өнегелі 15 минут: • Тақырыбы: Табиғатты құрметтеу • Мақсаты: Балаларға табиғатты құрметтеудің маңыздылығын түсіндіру. • Іс-әрекет: ○ Қысқы табиғат туралы әңгіме айтып, сурет салу. ○ "Табиғатқа қалай қамқор боламыз?" тақырыбында пікір алмасу.	Ата-ана мектебі: • Тақырыбы: Қоқысты дұрыс басқару үйінде • Мақсаты: Ата-аналарға балалармен бірге қоқысты қалай сұрыптап жинауға болатынын көрсету. • Іс-әрекет: ○ Ата-аналармен бірге қоқысты сұрыптау туралы әңгімелесу. ○ Үйде қолданылатын қоқыс контейнерлерін орнату бойынша кеңестер беру	Қауіпсіздік іс-әрекеті: • Тақырыбы: Су қауіпсіздігі • Мақсаты: Балаларды суда қауіпсіз болуға үйрету. • Іс-әрекет: ○ Суық сумен ойын барысында қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. ○ "Суық су – суық дене" тақырыбында қысқы су қауіпсіздігі туралы әңгіме.	"Қоқыс жинау": Балалар топпен жұмыс істеп, белгіленген аумақтан қоқысты жинайды. "Әжеге көмектесу": Балалар әжеге көмектесу рөлін ойнайды, мысалы, қоқысты жинау немесе суару.

Таңертенгілік жаттығу	Жаттығу кешені: 6 «Зырылдауық» Мақсаты: Тепе-теңдік пен дене бақылауын дамыту. Өткізу тәсілі: Балалар бір орындарында қолдарын екі жаққа созып, айналады. Айналаннан кейін олар түзу тұруға және тепе-теңдікті сақтауға тырысады.	Жаттығу кешені: №7 «Қоян сияқты секіру» Мақсаты: Секіру қимылдарын және аяқ бұлшық еттерін дамыту. Өткізу тәсілі: Балалар бірге қосылып секіреді, «қоян сияқты» кіші секірістермен алға жылжиды. Бұл жаттығу аяқтың иілгіштігі мен координациясын жақсартады.	Жаттығу кешені: №8 «Жаңбыр жауып тұр» Мақсаты: Баланың қол, иық және бел бұлшық еттерін икемділігін арттыру. Өткізу тәсілі: Балалар алақандарымен «жаңбыр жауғандай» жеңіл қимылдар жасайды, еденге еңкейіп, алақандарымен еденді жеңіл соғады.	Жаттығу кешені: №9 Поезд» Мақсаты: Баланың аяқ пен қол координациясын дамыту, жалпы қозғалыс белсенділігін арттыру. Өткізу тәсілі: Балалар бір-бірінің белінен ұстап, тізбектеліп, «поезд» сияқты қозғалады. Қозғалысты басқару үшін тәрбиеші әртүрлі бағытта жүріп, пойыздың бағытын өзгертеді. Балаларға бұрылып, қадамдарын реттеуге көмектеседі	Жаттығу кешені: №10 «Кішкентай роботтар» Мақсаты: Баланың моторикасын және қозғалыс дәлдігін жақсарту. Өткізу тәсілі: Балалар «кіші робот» ретінде қолдары мен аяқтарын бұрыштармен бүгіп, қатаң қозғалыс жасайды. Әр қозғалыс нақты және баяу болуы тиіс, бұл жаттығу арқылы олар денелерін жақсырақ сезінуді үйренеді.
Таңғы ас	Майлықты дұрыс қолдануды, нанды үгітпей жеу қажет екенін ескертіп отыру Мәдениетті тамақтану дағдысын үйрету	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. Жеке бас гигиенасы мәдениетін үйрету	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу Коммуникативті дағдыны қалыптастыру	Қасық ,шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету	тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту Коммуникативті дағдыны қалыптастыру
